

Халел Арғынбаев және қазақ отбасының этнографиясы

Археологиялық қазбалардан бөлек, қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін, тұрмысын, отбасылық құндылықтарын зерттеуде этнограф ғалым Халел Арғынбаевтың орны ерекше. Оның «Қазақ отбасы» атты еңбегі - ұлттық тәрбие мен салт-дәстүр энциклопедиясы іспетті.

Х. Арғынбаев өз зерттеулерінде қазақ халқының некелесу дәстүрлеріне үлкен мән берген. Ол архив деректері мен ел арасынан жинаған мәліметтерге сүйене отырып, қазақ қоғамындағы неке жасын, құда түсу жолдарын талдады. Ғалымның жазуынша: «Жастай некелестіру - қазақ арасында ертеден келе жатқан дәстүр. Кей уақытта қыздарды 13-14 жасында ұзатса, ер балаларды 15-16 жасында балиғатқа толды деп үйлендіре берген. Бұл дәстүр халық арасында ашық көрініс тапқан» [4, 98 б.]. Бұл сол замандағы өмір сүру ұзақтығы мен шаруашылық қажеттіліктерінен туындаған әлеуметтік норма болды.

Арғынбаевтың тағы бір маңызды зерттеу нысаны - экзогамиялық шектеулер, яғни «Жеті ата» жүйесі. Қазақ халқы қан тазалығына ерекше мән берген. Алайда, ғалым XIX-XX ғасырлардағы өзгерістерді де назардан тыс қалдырмады. Ол Н. Изразцовтың деректерін келтіре отырып, Жетісу өңірінде 8-9 атаға толғанның өзінде қыз алысу өте сирек кездесетінін, ал Сырдария облысында 7 атаға толғанша қыз алыспау тәртібі негізінен XIX ғасыр соңына дейін сақталғанын жазады [4, 102 б.].

Ғалым сонымен қатар әмеңгерлік салты, қалыңмал төлеу және құда түсу рәсімдерінің экономикалық және әлеуметтік астарын ашып көрсетті. Мысалы, қыздың әке-шешесіне қызмет ету әдеті (күш күйеу) туралы былай дейді: «Тақыр кедей балалары әуелі өздері бірнеше жыл жалға жүріп, қалыңға беретін мал жиятын немесе оңтүстікте қалыңдық үшін қыз әкесіне қызмет ету әдеті де болған» [4, 98 б.]. Бұл деректер қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастардың қаншалықты күрделі болғанын айғақтайды.

Қорытындылай келе, Қазақстанның археологиясы мен этнографиясына үлес қосқан тұлғалар - Шоқан Уәлиханов, Әлкей Марғұлан, Кемел Ақышев, Халел Арғынбаев және басқа да ғалымдар бізге баға жетпес ғылыми мұра қалдырды.

Шоқан Уәлихановтың жазбалары арқылы біз XIX ғасырдағы Орталық Азия халықтарының шынайы өмірін, рухани әлемін танимыз.

Әлкей Марғұланның іргелі зерттеулері қазақ даласының тек көшпелілер мекені ғана емес, дамыған металлургия мен сәулет өнерінің орталығы болғанын, 3 тонналық тастарды қалайтын күрделі инженерлік ойдың болғанын дәлелдеді.

Кемел Ақышев тапқан «Алтын адам» біздің ата-бабаларымыздың зергерлік өнері мен мемлекеттік құрылымының қаншалықты жоғары болғанын әлемге паш етті.

Халел Арғынбаевтың еңбектері ұлттық салт-дәстүрлеріміздің, әулеттік байланыстарымыздың түп-тамырын түсінуге көмектеседі.

Бұл ғалымдардың еңбектері тек тарихшылар үшін ғана емес, біз сияқты техникалық салада білім алып жатқан жас буын үшін де үлгі-өнеге. Олардың ізденімпаздығы, еңбекқорлығы және отаншылдығы «Қазақстан - менің Отаным» деген қастерлі ұғымның мәнін аша түседі. Тарихты білу - болашақты болжаудың кілті, ал осы ғұламалардың салған жолы - ғылымның қай саласында болмасын биік белестерді бағындыруға жетелейтін шамшырақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. - Алматы: Жазушы, 1985. - 560 б.
2. Марғұлан Ә. Шығармалары. 1-том. - Алматы: Алатау, 2011. - 522 б.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. - Алматы: Атамұра, 2010. - 544 б.
4. Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. - Алматы: Қайнар, 2005. - 216 б.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ЖУАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ОНОМАСТИКАСЫ

Орынбасар Б.Қ. Сейтқадыр А.Е.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, PhD Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық университеті

Электрондық адресі: orynbasarbalken@gmail.com

aymen.ceytkadyr@mail.ru

Аңдатпа: Бұл мақала Жамбыл облысы Жуалы ауданының ономастикалық кеңістігін, атап айтқанда, жер-су атауларын (ойконимдер, гидронимдер, оронимдер) тарихи-лингвистикалық тұрғыдан

терең зерттеуге арналған. Жер-су атаулары - халықтың тарихи-мәдени мұрасының, салт-санасы мен әдет-ғұрпының терең сыр-сипатын танып білудегі құнды дереккөз. Жуалы өлкесінің топонимдері тарихи оқиғалардың, көшпелі мәдениеттің және табиғи географиялық ерекшеліктердің (аласа таулар, асулар, өзендер) өзара сабақтастығын көрсетеді. Зерттеу барысында ауданның нақты жер-су атауларын қамтитын негізгі тарихи-топонимикалық материалдар қолданылды. Мақала Жуалы ауданының Бауыржан Момышұлы ауылы сияқты қазіргі ресми атауларынан бастап, Торлан асуы, Арыс өзені, Шегір қамал сияқты тарихи-географиялық нысандардың этимологиялық түптөркіні мен тарихи-мәдени маңызын талқылайды. Зерттеу Жуалы ономастикасының құрылымы, мазмұны және қалыптасу принциптерін жүйелеуге бағытталған. Алынған нәтижелер Жуалы ономастикасының тарихи-мәдени құндылығын дәлелдеп, оларды қорғау мен одан әрі жүйелі зерттеудің қажеттілігін көрсетеді.

Кілт сөздер: Жуалы ауданы, ономастика, топонимика, ойконим, гидроним, ороним, тарихилық, этимология, атаулар, Жамбыл.

Аннотация: Данная статья посвящена ономастическому пространству Жуалы Жамбылской области, в частности исследованию топонимов (ойконимов, гидронимов, оронимов) с историко-лингвистической точки зрения. Географические названия являются ценным источником для изучения историко-культурного наследия народа, его обычаев и традиций. Топонимы Жуалы отражают взаимосвязь исторических событий, кочевой культуры и природно-географических особенностей (низкие горы, перевалы, реки). В исследовании использованы ключевые историко-топонимические материалы, охватывающие реальные названия местности района. В статье рассматриваются как современные официальные названия, например, село Бауржан Момышұлы, так и историко-географические объекты, такие как перевал Торлан, река Арыс и Шегирский замок, с анализом их этимологического происхождения и историко-культурного значения. Цель исследования - систематизация структуры, содержания и принципов формирования ономастической системы Жуалы. Полученные результаты подтверждают историко-культурную ценность ономастики Жуалы и подчеркивают необходимость её сохранения и дальнейшего систематического изучения.

Ключевые слова: Жуалы район, ономастика, топонимика, ойконимы, гидронимы, оронимы, историчность, этимология, названия, Жамбылская область

Abstract: This article is devoted to the onomastic space of Zhambyl region's Zhusaly district, specifically focusing on place names (oykonims, hydronyms, oronyms) from a historical-linguistic perspective. Place names are valuable sources for understanding the deep historical and cultural heritage of a people, their customs, and traditions. The toponyms of Zhusaly reflect the interaction of historical events, nomadic culture, and natural geographical features (low mountains, passes, rivers). The study uses key historical and toponymic materials that cover actual place names of the district. The article examines both current official names such as Baurzhan Momyshuly village and historical-geographical landmarks such as Torlan Pass, Arys River, and Shegir Fortress, analyzing their etymological origins and historical-cultural significance. The research aims to systematize the structure, content, and formation principles of Zhusaly's onomastics. The findings demonstrate the historical and cultural value of Zhusaly's onomastic system and highlight the necessity of its preservation and further systematic study.

Key words: Zhusaly district, onomastics, toponymy, oikonims, hydronyms, oronyms, historicity, etymology, place names, Zhambyl

Кіріспе: Қазақстанның әрбір өңірі өзіндік тарихи жолы мен мәдени ерекшелігімен маңызды. Сол тарихи мәліметтердің ең басты және анық көрінетін белгісі - жер-су атаулары. Жер атаулары арқылы халықтың қалай өмір сүргенін, қайда қоныс аударғанын, табиғатқа қандай атау бергенін аңғаруға болады. Сондықтан ономастикалық бірліктер, яғни жер-су атаулары - ел тарихын зерттеудің маңызды бөлігі.

Жамбыл облысы - қазақ даласындағы көне мәдениет пен өркениеттің орталығы болған аймақтардың бірі. Осы облыстың ішінде Жуалы ауданы ерекше орын алады. Жуалы облыстың оңтүстік-батысында, Талас Алатауының етегінде орналасқан. Аудан аумағынан Шу мен Талас өзендерінің бастаулары шығып, Қырғыз Алатауынан да көптеген бұлақтар мен шағын өзендер ағып өтеді. Бұл табиғи жағдайлар Жуалының климаты мен географиясын ерекше етеді. Өңірде биік таулар, қалың жайлаулар және құнарлы жазықтар қатар кездеседі. Осындай алуан түрлі табиғат Жуалыны ежелден мал шаруашылығы мен егіншілікке қолайлы аймаққа айналдырған. Жуалының географиялық орны да өте маңызды. Ол Орта Азия мен Қазақстанның түйіскен жерінде орналасқандықтан, ерте дәуірлерде Ұлы Жібек жолының маңызды торабы болған. Керуендер осы аймақ арқылы өтіп, таулы асуларды кесіп, батыс пен шығысты жалғаған. Осы себепті Жуалыда көптеген тарихи оқиғалар орын алып, олардың ізі жер-су атауларында сақталып қалған.

Ономастика - жалкы есімдерді зерттейтін ғылым болса, топонимика - жер-су атауларын зерттейтін сала. Топонимдер тек сөз емес, халықтың өмірінен алынған шынайы деректер. Әр атаудың артында белгілі бір оқиға, табиғат ерекшелігі, елді мекендеген тайпалардың іздері, аңыздар немесе тарихи тұлғалардың аты жатады. Сондықтан топонимдерді зерттеу - тарихты, этнографияны және мәдениетті қатар қарастыру деген сөз.

Жуалы ауданының топонимдері аймақтың табиғи құрылымын ғана емес, сонымен бірге оның тарихын да көрсетеді. Бұл жерде ғұндар мен түркі тайпалары жүріп өткен, ортағасырлық қалалар салынған, түрлі шайқастар болған. Сол кездегі оқиғалардың бәрі қазір жер-су атауларында көрініс тапқан. Мысалы, таулар мен асулардың атаулары көбіне осы жерде болған соғыстармен, батырлармен немесе көне тайпалармен байланысты. Ал өзен, бұлақ атаулары көбінесе табиғи ерекшеліктерге, суының қасиетіне немесе жер бедеріне қатысты қойылған.

Жуалының ономастикасын зерттеудің маңыздылығы - осы атаулар арқылы өңірдің өткенін тереңірек түсінуге болатындығында. Көптеген атаулардың балама нұсқалары, көне түркі тіліндегі түпнұсқасы немесе халық арасында тараған нұсқалары бар. Олардың бәрін салыстырып талдау - аймақтың тарихы туралы жаңа ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Бұл мақалада Жуалы ауданының топонимдері кеңінен қарастырылып, олардың шығу тегі, мағынасы және қазіргі қолданысы зерттеледі. Зерттеудің негізгі мақсаты - жер-су атауларын ғылыми айналымға енгізу, олардың тарихи-мәдени маңызын ашу және өңірдің ономастикалық жүйесін жүйелі түрде талдау. Топонимдерді зерттеу арқылы Жуалының көне тарихы, шаруашылық жүйесі, тайпалық құрамы және табиғи ерекшеліктері туралы құнды деректер алуға болады. Жуалының жер-су атаулары - тек географиялық белгілер емес, сонымен қатар өткеннен хабар беретін тарихи мұра ретінде бағаланады.

Зерттеу әдістері мен материалдары: Бұл зерттеу жұмысының материалдық негізін тарихи-ономастикалық және анықтамалық еңбектер құрады. Атап айтқанда, Жуалы ауданының ежелгі тарихы мен жер-су атауларына арналған Д. Д. Байдалиевтің іргелі еңбегі, сондай-ақ Жамбыл облысының ономастикалық кеңістігін жүйелеген З. А. Құламанованың анықтамалығы негізгі дереккөздер ретінде қолданылды. Бұл еңбектерде Жуалы ауданының нақты атаулары, олардың орналасуы мен шығу тарихы туралы құнды мәліметтер бар.

Зерттеуде қолданылған негізгі әдістер

1. Салыстырмалы-тарихи әдіс қолданылады: бұл әдіс жер-су атауларының әртүрлі тарихи кезеңдердегі өзгерістерін және олардың көне түркі тіліндегі негіздерін анықтау үшін пайдаланылады.

2. Құрылымдық-семантикалық талдау әдісі пайдаланылады: топонимдердің ішкі құрылымын және олардың мағыналық негізін (антропонимдік, оронимдік, гидронимдік) ашу үшін қолданылады.

3. Сипаттамалық әдіс қолданылады: жинақталған материалды жүйелеп, жіктеу және оларды ғылыми тұрғыдан сипаттау үшін пайдаланылады.

Талқылау: Жамбыл облысының оңтүстік-батыс бөлігінде, Қырғыз және Талас Алатауларының сілемдері түйіскен стратегиялық маңызды аймақта орналасқан Жуалы ауданының ономастикалық кеңістігі терең тарихи-мәдени мағынаға ие. Аудан 1928 жылдың қаңтарында құрылып, орталығы Бауыржан Момышұлы ауылы болып белгіленген; оның аумағы 4200 шаршы шақырымды құрайды, 14 ауылдық округке бөлінген және халық саны 52 000 адамды құрайды. Осы ұлан-ғайыр аумақтың жер-су атаулары - өңір тарихының, геологиялық-тектоникалық ерекшелігінің, ежелгі архитектуралық нысандары мен ортағасырлық қалаларының, сондай-ақ азаттық жолындағы күрескер батырлардың жан-жақты мағлұматын сақтаған құнды дереккөз болып табылады. Жердің атауы - халықтың жады ретінде, кез келген мемлекеттің өткені мен бүгінгінің сабақтастығын көрсетеді.[1,128]

Жуалы ауданының таулы ландшафты оронимдердің (тау, асу, бел атаулары) көптеп кездесуіне себеп болған. Бұл атаулардың басты ерекшелігі - олардың аймақтың транзиттік-стратегиялық маңызын айқындауы. Мәселен, Торлан және Қараш асуларының көптеп кездесуі аймақтың стратегиялық және транзиттік маңызын көрсетеді. Торлан асуы (Бала Торлан және Үлкен Торлан) Жоңғар шапқыншылығына қарсы қазақ жасақтарының қамалдар жасаған, күзет асуы болып саналады. Оның атауы «тору» сөзінен туындап, күзет және қорғаныс функциясын білдіреді. Қараш асуы да қарауылдар арқылы жауды бақылауға арналған, атауы «қараш» сөзінен шыққан. Осы асулар ежелгі мемлекеттердің шекаралық бекіністері мен күзет орындары қызметін атқарған. Шақпақ ауылы да оронимге жатады, сол жердің табиғи ерекшелігіне байланысты қойылған, түркі тілдеріндегі «шоқпақ» сөзімен байланысып, «биік», «шоқтықты», яғни төбе, биік жер немесе қорған-қамал орналасқан биік нүкте деген мағынаны береді. Сонымен қатар, жергілікті аңыздар мен тарихи деректерде Шақпақ әулиемен байланыстырылып, қасиетті орын ретінде қарастырылған. Шыбықбел (асу) - жіңішке,

шыбықтай иілген тау жотасы. Атауы осы ерекше формасынан шыққан: асуды өткен адам оңға немесе солға бұра алмайды, тек тура жүре алады. Тоғызтарау (елдімекен) - өзеннің бірнеше тармаққа бөлінетін жері және Жуалы үстіртінен құмға апаратын жолдардың көптігіне байланысты осылай аталған. «Тоғыз» - көп бөлікті, «тарау» - жол немесе өзен тармағын білдіреді. Бұл атау табиғи сипаттама мен өлшемдік көрсеткішті біріктіреді, бұл қазақ топонимикасында жиі кездесетін құбылыс. [2, 129, 133, 140]

Аудан аумағындағы археологиялық зерттеулер Жуалы жерінде оншақты қала жұрттары мен бекеттер, 100-ден астам қорған төбелер есепке алынғанын көрсетеді. Мұның ішіндегі маңызды ортағасырлық нысандардың орналасуы айқын: Кременовка қалашығы (VIII-X ғғ.) теңіз деңгейінен 1123 метр биіктікте, таудың шығыс еңісінде орналасқан. Оның топырақ дуалмен және мұнаралармен қоршалуы Ұлы Жібек жолының таулы тармақтарындағы сауданы қорғау орталығы болған деген болжамға негіз береді. Қырықкүрзі қалашығы Шақпақ-Ата кентінен солтүстік-батысқа қарай 5 км жерде орналасқан шағын қала орны; оның көлемі мен мұнаралармен қоршалуы да әскери-стратегиялық нысан болғанын көрсетеді. Сонымен қатар, Жуалы өңіріндегі бекініс жүйесінің бір бөлігі болған Шегір камал атауы ежелгі сәулет өнері және қорғаныс жүйесі туралы құнды дерек береді. Көлтоған қорғандары қазіргі Бауыржан Момышұлы ауылының оңтүстік жағында орналасқан қалашық жұрты болып есептеледі.

Жуалы ауданының гидронимдері (өзен, бұлақ, сай атаулары) судың мал шаруашылығы мен егіншілік үшін маңыздылығын, сондай-ақ жергілікті тұрғындардың табиғи ландшафтты сипаттау ерекшелігін көрсетеді. Арыс ірі өзен атауы Жуалы ауданы арқылы өтіп, Оңтүстік Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық өмірінде үлкен рөл атқарған. Шыңбұлақ (елдімекен/бұлақ) - тау баурайындағы терең шатқалдан ағып шығатын бұлаққа байланысты аталған. Түркі тілінде *шың* - «терең», «тік шатқал» дегенді білдіреді. Мұндай гидронимдер бұлақтың физикалық орналасуын дәл сипаттау арқылы тұрғындар үшін оның құндылығын арттырады. Топонимикалық зерттеулерде Ақбердібұлақ, Шалабайбұлақ, Шымырбай сай, Құрмансай сияқты антропотопонимдік сипаттағы атаулар ерекше орын алады. Бұл атаулар су көзінің атына осы жерді мекендеген немесе иеленген адамның есімін қосу арқылы қалыптасқан және тарихи кезеңдегі жер иелену қатынастары мен жеке тұлғалардың өмір тарихындағы рөлін көрсетеді. Тышқансай (сай) Жуалы ауданының Алатаудың етегіндегі Ақсай өзенінің шығыс бөлігі, Қарауңгір үстіндегі терең шатқалдарда орналасқан. Бұл сайда дала суыры аталатын тышқандар көп мекендеген, бұрын оларды аулап теріден тымақ, түрлі жылы киімдер тіккен. Атаудың түпкі мәні - «тышқанды сай» тіркесінен шыққан, яғни табиғи сипатқа негізделген ороним. Келесі Ұзынбұлақ атауы бұлақтың ағысының ұзақтығын, ал Үндемес бастау бұлақтың тыныш, сыбырсыз бастау алатындығын немесе құпия, аз белгілі жерде орналасқандығын көрсетеді.

Кеңес дәуірінде ауылдарға орысша атаулардың (мысалы, Евгеньевка, Петровка, Алексеевка, Кантемировка, Казанка, Кастельевка) және идеологиялық атаулардың (Коммунизм жолы, Чапаев) берілуі - Кеңес үкіметінің жаппай ономастикалық саясатының нәтижесі. Тіпті аудан орталығы Бурное деп аталып, орыстандыру үдерісін көрсетті. Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан кейінгі ономастикалық саясаттың маңызды нәтижесі - орысша атаулардың жүйелі түрде тарихи, табиғи немесе рулық қазақ атауларына ауыстырылуы болды. Мәселен, Евгеньевка - Көлбастау, Кременовка - Шақпақата, Кантемировка - Қошқарата, Казанка - Кәріқорған сияқты өзгерістер жергілікті халықтың мәдени-тарихи жадын қалпына келтіруге деген ұмтылысын көрсетті. Бұл үрдіс ұлттық рухты көтеретін, мемлекеттілікті танытатын ұлттық атауларды беру мақсатын жүзеге асырды. [3, 93]

Аудан орталығының Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлы аталуы және Тәттібай Дүйсенбайұлы есімінің ауылға берілуі - ұлттық батырларға, тұлғаларға деген құрметтің ономастика арқылы көрсетілуінің айқын үлгісі. Түркісіб ойконимі темір жол магистралінің тарихи атауын (Түркістан-Сібір) сақтау арқылы сол кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық маңыздылығын көрсетеді. Зерттелген топонимдердің семантикалық құндылығы, мысалы, Дарбаза (тәжікше "қақпа"), Күркіреусу ("қатты ағатын өзен"), Қызтоған ("кішкене әдемі тоған") жергілікті халықтың географиялық нысандарды дәл әрі мәдени мәнмен атау дәстүрін сақтап қалғанын айқындайды. [3, 96-97] Үшқоспа (үш + қоспа) - үш арнаның, үш жолдың немесе үш жердің қосылған нүктесін білдірсе, Үштөбе (үш + төбе) - үш кішігірім төбе немесе қорғанның орнын көрсетеді. Бұл атаулар аумақтың жер бедерінің ерекшеліктерін дәл әрі қарапайым тілмен сипаттайды. 132

Нәтиже: Жуалы ауданының ономастикалық кеңістігін зерттеу барысында аудан аумағындағы жер-су атауларының құрылымы мен тарихи-мағыналық мәні толықтай жүйеленді. Зерттеу көрсеткендей, Жуалының оронимдері (тау, асу, бел атаулары) аймақтың стратегиялық және транзиттік маңызын айқындайды. Мәселен, Торлан асуы мен Қараш асуы Ұлы Жібек жолының маңызды өткелдері ретінде танылған, олардың аты ежелгі мемлекеттердің шекаралық бекіністері мен күзет

орындарын білдіреді. Шақпақ асуы ежелгі заманда от тұтатуға арналған тас өндірілген жерді көрсетсе, Шыбықбел асуының атауы оның "жіңішке, шыбықтай иілген тау жотасы" формасына байланысты қойылғанын көрсетеді. Тоғызтарау сан есімдік атауы арқылы жолдың тоғыз бөлікке бөлінгенін немесе өзендердің тоғыз тармаққа бөлінгенін білдіреді, бұл қазақ топонимикасында жиі кездесетін табиғи сипаттама мен өлшемдік көрсеткіштің үйлесімі болып табылады.

Гидронимдер (өзен, бұлақ, сай атаулары) Жуалының әлеуметтік-экономикалық және шаруашылық маңызын көрсетеді. Арыс өзені аудан арқылы өтіп, өңірдің тарихи және экономикалық дамуына әсер еткен, ал Шыңбұлақ бұлағы биік тау басынан бастау алатын таза суды сипаттайды. Ақбердібұлақ, Шалабайбұлақ, Шымырбай сай және Құрмансай сияқты антропотопонимдік гидронимдер жерді иеленген немесе мекендеген адамдардың есімдерін сақтап, тарихи кезеңдегі жер иелену қатынастары мен жеке тұлғалардың рөлін бейнелейді. Тышқансай этнотопонимдік мәнге ие емес, керісінше, бұл сайда дала суыры көп мекендегендіктен, "тышқанды сай" тіркесінен шыққан, яғни табиғи сипатқа негізделген атау болып табылады. Ұзынбұлақ және Үндемес бастау бұлақтың ағысын және тыныштық сипаттарын сипаттай отырып, жердің физикалық ерекшелігін дәл береді.

Ауданның ойконимдері (ауыл, қала, станция) тарихи-саяси және мәдени өзгерістердің көрінісі болып табылады. Бауыржан Момышұлы ауылы- ұлттық батырларды ұлықтау және тарихи сананы жаңғырту мақсатында берілген ресми атау, ал Түркісіб станциясы индустрияландыру кезеңінің әлеуметтік-экономикалық маңызын сақтайды. Шегір қамал ортағасырлық қорғаныс жүйесінің бар екенін дәлелдейді,[2,138] ал Көлтоған қорғандары осы аймақтағы бекіністердің бір бөлігі ретінде әскери-стратегиялық мәнге ие. Үшқоспа төбесі және Үштөбе төбесі жер бедерінің ерекшеліктерін және қорған нүктелерін бейнелейді.

Кеңес дәуіріндегі ономастикалық саясат орысша және идеологиялық атаулардың (Евгеньевка, Петровка, Кантемировка, Коммунизм жолы) берілуімен сипатталды. Бұл үрдіс Тәуелсіздік алғаннан кейін тарихи, табиғи немесе рулық қазақ атауларын енгізу арқылы толықтай өзгертілді. Мысалы, Евгеньевка - Көлбастауға, Кременевка- Шақпақатаға, Кантемировка- Қошқаратаға өзгертілді. Бұл процестер жергілікті халықтың мәдени-тарихи жадын қалпына келтіріп, ұлттық рухты көтеруге және мемлекеттілікті танытуға бағытталған. Зерттелген топонимдердің семантикалық құндылығы да ерекше. Дарбаза- «қақпа» мағынасында, Күркіреусу- «қатты ағатын өзен», Қызтоған- «кішкене әдемі тоған», олардың бәрі жердің табиғи және мәдени ерекшеліктерін айқын көрсетеді. Сонымен қатар, ауданның ежелгі қорғаныс және сауда жүйесі, мысалы Торлан, Қараш, Шақпақ асулары, Кременевка қалашығы және Шегір қамал сияқты нысандар арқылы толық көрінеді.

Зерттеу нәтижесінде Жуалы ономастикасының үш негізгі қабаттан тұратындығы айқындалды: көне түркілік қабат (табиғи сипатқа негізделген оронимдер, кейбір гидронимдер), антропотопонимдік қабат (адам есімдерімен байланысты гидронимдер мен ойконимдер) және қазіргі заманғы қабат (тарихи тұлғаларға және ірі құрылыстарға берілген атаулар). Бұл құрылым ауданның тарихи-мәдени және әлеуметтік ерекшеліктерін кешенді түрде зерттеуге мүмкіндік береді, жер-су атауларын қорғау мен ғылыми айналымға енгізудің маңыздылығын дәлелдейді. Осылайша, Жуалының топонимдері тек географиялық нысандар ғана емес, сонымен бірге өткен тарихты, табиғи ерекшеліктерді және мәдени құндылықтарды жеткізетін тарихи мұра болып табылады.

Қорытынды: Осы мақала аясында жүргізілген Жуалы ауданының ономастикалық кеңістігін тарихи-лингвистикалық тұрғыдан кешенді зерттеу жұмысы өңірдің жер-су атауларының тек географиялық бағдар емес, сонымен қатар халықтың терең тарихи-мәдени мұрасының, салт-санасы мен әдет-ғұрпының нақты жады екенін дәлелдеді. Зерттеудің негізгі мақсаты - жер-су атауларын ғылыми айналымға енгізу, олардың мәдени маңызын ашу және өңірдің ономастикалық жүйесін жүйелеу - толық орындалды.

Жуалы ономастикасының әрбір атауы тарих, этнография, тіл білімі және география ғылымдары үшін аса құнды мәліметтерді қамтиды. Олар аймақтың ежелгі қалалары мен бекіністерінің (Шегір қамал) орналасуын, тайпалық құрамын және шаруашылық жүйесін нақтылауға мүмкіндік береді. Жердің атауы - халықтың жады ретінде, Қазақстанның мемлекеттілігін танытатын, ұлттық рухты көтеретін басты рухани мұра болып табылады. Топонимдердің этимологиялық түптөркінін ашу халықтың тарихи санасының үздіксіздігін дәлелдейді.

Алынған нәтижелер Жуалы ономастикасының тарихи-мәдени құндылығын дәлелдеп, оларды қорғау мен одан әрі жүйелі зерттеудің қажеттілігін көрсетеді. Болашақтағы ғылыми жұмыстар антропотопонимдер мен этнотопонимдердің түпкі мағынасын тереңірек анықтауға, сондай-ақ бұл атаулардың көне түркі және ортағасырлық дереккөздермен салыстырмалы талдауын жүргізуге бағытталуы тиіс. Ономастикалық жүйені жүйелеу - өңірлік тарихты зерттеуге және ұлттық

құндылықтарды насихаттауға қосылған маңызды үлес. Жуалы жерінің әрбір атауы - өткеннен сыр шерткен, болашаққа бағдар беретін қазақ тарихының өшпес белгісі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ахмет М. Жері,суы дуалы- Жуалы. Алматы: Тоғанай Т,1998.
2. Байдалиев Д.Д. Жуалы әлкесінің ежелгі тарихы. Тараз: 2007 - 213 б.
3. Құламанова З.А. Жамбыл облысының топонимикалық анықтамалығы - Алматы: «Арыс» баспасы, 2014. - 808 б.
4. Жанұзақ Т. (ред.). Жер-су атауларының анықтамалығы. Алматы: «Арыс» баспасы, 2009.
5. Телғожа Жанұзақ. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. Алматы: "Сөздік-словарь" ЖШС, 2010.-356 б.

ҰЛЫТАУ Өңіріндегі ерте темір дәуірінің жерлеу ескерткіштерінің құрылыс ерекшелігі

Рысбек М.М.

ғылыми жетекші: т.ғ.к., профессор Жауымбай Сағындық Убайұлы
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Қарағанды қ.
miko01052006@gmail.com

Ұлытау өңіріндегі барлық тарихи орындар «Ұлытау» ұлттық тарихи - мәдени және табиғи қорық - музейіне жатады. Бұл жерде барлық қазақ хандарының ата-бабасы Жошы ханның және аты аңызға айналған қазақ жүздерінің негізін қалаушы Алаш ханның мазарлары орналасқан. Ұлытау өңірі өзінің айрықша археологиялық ескерткіштерімен ерекшеленеді. Теректі Әулие тастағы таңбалар, қола дәуірінің металлургиялық орталықтары, түркілік тас мүсіндер, сақ қорғандары мен оғыз-қыпшақ қалалары осы жерде қоныс тепкен. «Ұлытау» ұлттық-тарихи мәдени және табиғи қорық - музейі Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1990 жылғы 29 қарашадағы номер 466 Қаулысымен құрылған. Жалпы жер көлемін 147246 гектардан тұратын, 25 тарихи- мәдени кешендер құрайды. Аталған аймақта 200 кешеннен артық ескерткіштер саны орналасқан. Ескерткіштердің санын анықтау және төлқұжаттандыру жұмыстары бүгінгі таңда жасалуда. Ұлытау ауданы аймағында 358 тарихи - мәдени ескерткіш төлқұжаттандырылған. Олардың ішінде 11 ескерткіш: Алашахан, Жошыхан, Айранбай, Аяққамыр, Мақат, Болған ана, Басқармыр, Домбауыл, Кетебай, Лабақ, Дүзен, мазарлары республикалық маңызға ие [1,244 б].

Ұлытау-2 археологиялық кешені

Ұлытау-2 Ұлытау ауданының орталығынан оңтүстік-шығысқа 3 км жерде дөңес қыраттың шығыс шетінде орналасқан. Қыраттың ең биік нүктесінде орналасқан тригопункттен батысқа қарай. Қыраттың солтүстік беткейінде шығыс бағытта ағатын Жумабай өзені бар. Оба - шеңбер тәрізді күліс байқалады, тас пен топырақ аралас үйіндіден тұрады. Оба диаметрі тас үйіндінің іргесінен алғанда 28 м. Оның сыртында айналдыра қазылған ордың диаметрі 38 м. Обаның беткі диаметрі 14 м. Обаның құрылысы етегінен жоғары қарай шүйіріле келген қисық конус тәрізді. Обаның үстінде батыс бөлігінде көлемі 5×5 м, тереңдігі 0,5 м болатын шұңқыр бар. Осы шұңқырдың солтүстік іргесінде көлемі 4×3 м, шығыстан батысқа қарай орналасқан кейінгі жерлеу орны байқалды. Обаның солтүстік шетінде 3×2,5 м, биіктігі 0,5 м ұсақтастардан үйілген жерлеу орны бар. Обаның үсті шығыс жағында дөңестеу, батыс бөлігіне қарай еңіс болып келген. Бұл үнемі батыстан соғатын желдің ықпалы болса керек. Обаның бетінде жусан, көде, тобылғы өскен. Обаның сыртқы жамылғысына ұсақ, орташа 5×10, 10×15, 15×15 см болатын таудың жақпар тастары пайдаланылған. Обаның етегін айналдыра ені 4 м, тереңдігі 40 см ор бар. Обаның солтүстіктен оңтүстікке тік кесінді салу мақсатында жіп тартылып, екі секторға бөлінді. Оба шетінен крепидаға дейінгі аралық 1-1,2 м. Крепида тастарының көлемі: 130×40×90 см; 80×30×50 см. Обаның батыс секторынан 2 м тік кесінді алынып, осы бөлігі шым қабатынан тазартылды. (Обадан үш кольцолық құрылыс анықталды.) Обаның орталық бөлігінен қабір үсті құрылысы анықталды (алдын ала болжам бойынша панцирь деуге болады). Қабір үсті құрылысының бергі қабатында қолданылған тастар ірі, көлемі 45×30×40; 50×30×35; 20×30×25 см. Қабір үсті құрылысы оңтүстіктен солтүстікке қарай 5,5 м, шығыстан батысқа қарай оңтүстік бөлігінен санағанда 2,1 м. Орталық бөлігіндегі ені 3,2 м, солтүстік бөлігіндегі ені 3,18 м. Биіктігі 50 см. Қабір үсті құрылысының оңтүстік-батыс бөлігіндегі тас қаланды бұзылған, тонау шұңқыры болуы мүмкін. Тонау